

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

**АСФАЛЬТБЕТОН ЗАУЫТТАРЫНАН АСФАЛЬТБЕТОН
ҚОСПАЛАРЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САПАСЫН
БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

**ПРАВИЛА ПО ВЫПУСКУ И КОНТРОЛЮ КАЧЕСТВА
АСФАЛЬТОБЕТОННЫХ СМЕСЕЙ С АСФАЛЬТОБЕТОННЫХ
ЗАВОДОВ**

Астана 2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

**АСФАЛЬТБЕТОН ЗАУЫТТАРЫНАН АСФАЛЬТБЕТОН
ҚОСПАЛАРЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САПАСЫН
БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Астана 2024

АЛҒЫСӨЗ

1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ

«Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы («ҚазжолҒЗИ» АҚ)

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының «25» сәуір 2024 ж. № 42 бұйрығы

3 КЕЛІСІЛДІ

«ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамының 2024 жылғы 29 ақпан № 03-01/12-01/620-И хаты

4 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2029 жыл
5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ

Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және «InfoZhol» – <http://infozhol.kad.org.kz> электронды мәліметтер базасында орналастырылды

Осы құжатты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1	Қолдану саласы	5
2	Нормативтік сілтемелер	5
3	Терминдер мен анықтамалар	6
4	Жалпы ережелер	9
5	Материалдарды дайындауға және қоймалауға қойылатын талаптар	9
6	Асфальтбетон қоспаларының негізгі кезеңдерін шығаруды іске асыру үдерісі	10
	6.1 Бастапқы материалдар мен қоспалардың сапасын бақылау	10
	6.2 Асфальтбетон қоспаларын өндіру технологиясы. Алдын ала мөлшерлеу	13
7	АБҚ тасымалдау	20
8	Тексеру жүргізу тәртібі	22
9	Еңбек қауіпсіздігі	24
10	Қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі	25
	1-кесте - Асфальтбетон зауыттарындағы ластаушы заттардың бөліну және шығарылу көздері	27
	2-кесте - ДС-185 асфальт араластырғыш қондырғысында (Кредмаш) бөлу көздерінің техникалық сипаттамасы	28
	<i>А қосымшасы (міндетті). Қолданыстағы асфальтбетон зауыттары бойынша жиынтық бағалау</i>	32

1 Қолдану саласы

Ережелер асфальтбетон зауыттарынан асфальтбетон қоспаларын шығару және сапасын бақылау кезінде қолдануға арналған. Ережелер материалдарды дайындауды, сақтауды, сапаны бақылауды және зауыттардан асфальтбетон қоспаларын шығаруды ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережелерде мынадай заңнамалық актілерге және нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245 Заңы.

ҚР СТ 1053-2011 «Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар».

ҚР ҚН 3.03-01-2013 «Автомобиль жолдары».

ҚРЕЖ 3.03-101-2013 «Автомобиль жолдары».

ҚР ҚН 1.03-05-2011 «Еңбекті қорғау және құрылыстағы қауіпсіздік техникасы».

ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 «Еңбекті қорғау және құрылыстағы қауіпсіздік техникасы».

ҚР ЕЖ 2.02-101-2014 «Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі».

ҚР СТ 1218-2003 «Органикалық тұтқырғыштар негізіндегі жолдық және ауеайлақтық құрылысқа арналған материалдар. Сынақ әдістері».

ҚР СТ 1373-2013 «Битумдар және битумды тұтқырлар. Жолдық тұтқыр мұнай битумдар. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1217-2003 «Құрылыс жұмыстарына арналған құм. Сынақ әдістері».

ҚР СТ 1276-2004 «Асфальтбетонды және органикалық минералды қоспаларға арналған минералды ұнтақ. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1221-2003 «Асфальт-бетон қоспаларға арналған минералды ұнтақ. Сынақ әдістері».

ҚР СТ 1284-2004 «Құрылыс жұмыстарына арналған тығыз тау жыныстарынан алынған қиыршықтас және ұсақ тас. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1213-2003 «Құрылыс жұмыстарына арналған тығыс тау жыныстарынан және өнеркәсіп өндірісі қалдықтарынан жасалған қиыршықтас пен малтатас. Физика-механикалық сынау әдістері».

ҚР СТ 1376-2005 «Жол құрылысына арналған қожды шағылтас пен құмдар. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1215-2003 «Қара қиыршық тас. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1223-2019 «Жол, әуеайлақ және полимерасфальтбетон қоспалары және полимерасфальтбетон. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1225-2019 «Жол, әуежай және асфальтбетон қоспалары және асфальтбетон. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 2373-2019 «Жол, әуебайлағы, қиыршық тасты-мастикалық полимерасфальтбетон қоспалары және қиыршық тас-мастикалық полимерлі асфальтобетон. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1274-2014 «Битумдар және битум тұтқырлары. Жол эмульсиялары. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1551-2006 «Битумдар және битумдық тұтқырғыштар. Жолдың мұнайлы сұйық битумдары. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 1809-2008 «Жол және әуежай құрылысына арналған органикалық тұтқырғыштар негізіндегі материалдар сынауға арналған сынамаларды іріктеу әдістері».

ҚР СТ 2534-2014 «Битум және тұтқыр битумдар. Жолға арналған түрлендірілген мұнай битумдары. Техникалық шарттар».

ҚР СТ 2028-2010 «Асфальтбетон, резеңке үгіндісімен модифицирленген, жол жамылғысына арналған».

МЕМСТ 31424-2010 «Шағыл тасты өндіру кезінде тығыз тау жыныстарын ұсақтау қалдықтарынан алынған кенсіз құрылыс материалдары. Техникалық шарттар».

МЕМСТ 11955 « Жол мұнай сұйық битум. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 32730-2014 «Ұсақталған құм. Техникалық талаптар».

МЕМСТ 32824-2014 «Табиғи құм. Техникалық талаптар».

МЕМСТ 32826-2014 «Шағыл тас және қожды құм. Техникалық талаптар».

ҚР ЕР 218-35-2016 «Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау жөніндегі нұсқаулық».

ҚР Ұ 218-196-2022 «Битумды және полимер-модификацияланған битумды сақтау және тасымалдау шарттары жөніндегі ұсынымдар».

Ескертпе - Осы нұсқаулықты пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша «Стандарттау жөніндегі құжаттар» тізімдемесі және ағымдағы жылы жарияланған мерзімді түрде шығарылатын тиісті ақпараттық тізімдеме бойынша анықтамалық стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексеру қажет. Егер анықтамалық құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Асфальтбетон зауыты: Бір жерде орналасқан және асфальт төсемесін салу, жөндеу немесе қалпына келтіру үшін қолданылатын асфальтбетон қоспасын өндіруге бағдарланған технологиялық жабдықтар мен құрылыстар кешені.

3.2 Асфальтбетон қоспасы: белгілі бір арақатынаста алынған шағыл тасты (қиыршық тасты), табиғи немесе ұсақталған құмды, минералды ұнтақты

және мұнай жол битумын қыздырылған күйде асфальт араластырғыш қондырғыларда (АБЗ) араластыру нәтижесінде алынатын материал.

3.3 Полимермен модифицирленген битум: жол жамылғыларының сенімділігі мен беріктігін арттыру үшін қолданылады. Модификацияланған битум бірқатар жоғары пайдалану сипаттамаларына ие.

3.4 Тапсырыс беруші: дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар, сондай-ақ автомобиль жолдарын салу, қайта құрылымдау және жөндеу бойынша жобаларды іске асыруды жүзеге асыру үшін қаражат (немесе осы мақсаттар үшін өз қаражаты бар) бөлінетін шаруашылық қызмет субъектілері.

3.5 Жол активтері сапасының ұлттық орталығы (бұдан әрі – Сапа орталығы): автомобиль жолдарын салу, қайта құрылымдау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, жол активтерін басқару, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру даярлығын ұйымдастыру, сондай-ақ жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу, жаңа технологияларды енгізу және тәжірибелік телімдерді сүйемелдеу жөніндегі функциялар жүктелген автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қарамағындағы заңды тұлға.

3.6 Техникалық қадағалау: жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде, оның ішінде сапаны, мерзімдерді, құнын, орындалған жұмыстарды қабылдауды және нысандарды пайдалануға беруді қоса алғанда, автомобиль жолдары мен жасанды құрылыстарды салуды, қайта құрылымдауды, жөндеуді қадағалау.

3.7 Мердігер: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес автомобиль жолдарын жобалау, салу, жөндеу және пайдалану жөніндегі жұмыстарды тапсырыс берушімен мердігерлік шарт бойынша орындауға құқығы бар және орындайтын заңды тұлға.

3.8 Қоспалар: нысанды немесе оның бір бөлігін салуға, қайта құрылымдауға немесе жөндеуге Тапсырыс берушімен мердігерлік шарт жасасқан шаруашылық қызмет субъектісі, жұмыс өндіруші.

3.9 Инновациялық технологиялар тізілімі: мақсаты автомобиль жолдары мен жол саласына инновацияларды енгізуді жүйелеу және тиісті қадағалау болып табылатын жол-құрылыс материалдары және жаңа технологиялардың бірыңғай базасының құрамдас бөлігі. Бұл тізілім жаңа материалдар, технологиялар, құрылымдар мен бұйымдар, машиналар, механизмдер туралы ақпарат береді, сондай-ақ тәжірибелік телімдер туралы деректерді және оларды апробациялау барысында алынған нәтижелерді қамтиды.

3.10 Карьерлер мен зауыттардың картасы: мақсаты жол құрылысында материалдарды жүйелеу, өзектендіру, талдау және пайдалану болып табылатын

жол-құрылыс материалдары мен жол саласындағы жаңа технологиялардың бірыңғай базасының құрамдас бөлігі.

3.11 Сынақ зертханасы: бұл өнімдердің, материалдардың, құрылыстардың, жүйелердің немесе үдерістердің белгілі бір стандарттарға, талаптарға немесе сипаттамаларға сапасын, қауіпсіздігін, тиімділігін немесе сәйкестігін бағалау мақсатында әртүрлі тестілеу, зерттеулер мен талдаулар жүргізілетін мамандандырылған үй-жай немесе ұйым.

3.12 Жұмыстарды жүргізу нысандары: автомобиль жолдарын салу, қайта құрылымдау, жөндеу және күтіп-ұстау нысандары, сондай-ақ мердігерлік шарт және кепілдік кезең шеңберінде жүзеге асырылатын жобалау және техникалық құжаттаманың құрамына кіретін нысандар.

3.13 Жұмыстар мен материалдар сапасының сараптамасы: автомобиль жолдарын салу, қайта құрылымдау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде техникалық тексеру жөніндегі сараптамалық жұмыстардың түрі. Қолданыстағы нормалар мен стандарттардың, салу және реконструкция қайта құрылымдау кезіндегі жобалау-сметалық құжаттама талаптарының, сондай-ақ автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау кезіндегі техникалық құжаттаманың сақталуын қамтамасыз ету үшін автомобиль жолдарын салу, қайта құрылымдау, жөндеу және күтіп-ұстау кезіндегі жұмыстар мен материалдар сапасының сараптамасы (бұдан әрі – Сараптама) автомобиль жолдарын салу, қайта құрылымдау, жөндеу және күтіп-ұстау кезіндегі жұмыстар мен материалдардың сапасына жоспарлы және/немесе жоспардан тыс жүзеге асырылуы мүмкін.

3.14 Жоспар-кесте: Тапсырыс беруші және Кәсіпорынмен бірлесіп әзірленетін және Тапсырыс беруші бекітетін жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу кестесі.

3.15 Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы: жобалауға арналған тапсырмаға және нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес орындалған сәулеттік, көлемдік-жоспарлау, функционалдық, құрылымдық, технологиялық, инженерлік, табиғатты қорғау, энергия үнемдеу, экономикалық және өзге де шешімдердің, сондай-ақ құрылысты ұйымдастыру және жүргізуге, аумақты инженерлік даярлауға, абаттандыруға арналған сметалық есептердің жиынтығы.

3.16 Техникалық құжаттама: орташа жөндеу жобалары бойынша ведомстволық сараптамадан өткен ақаулар мен сметалық есептер тізімдемесінің, сондай-ақ ағымдағы жөндеуге арналған қаржыландыру нормативін ескере отырып, ақаулар тізімдемесі мен сметалық есептердің жиынтығы.

3.18 Нормативтік-техникалық құжаттама: техникалық және технологиялық нормаларды қамтитын құжат.

3.18 Іріктеу жоспары: сынамалар ретінде жиынтықтан алуға арналған материалдың бөліктерін іріктеу, алу, сақтау, тасымалдау және дайындаудың алдын ала белгіленген рәсімі.

3.19 Беттік белсенді зат: сұйықтықтар, газдар және қатты заттар сияқты әртүрлі жүйелердің беттік және интерфейстік қасиеттерін өзгерту қабілеті бар химиялық зат.

4 Жалпы ережелер

Асфальтбетон - автомагистральдардың, қала көшелерінің жүру бөлігінің және жаяужолдар жамылғысының негізгі түрі. Төсеменің қызмет ету мерзімі мен көліктік-пайдалану көрсеткіштері пайдаланылатын материалдардың сапасымен, асфальтбетон қоспасының және төсеу сапасымен анықталады. Асфальтбетон қоспасын таңдау климаттық жағдайларға, жол санатына және техникалық-экономикалық факторларға байланысты.

Асфальтбетон зауыты - асфальт қоспасын өндіруге арналған құрылыстар кешені. Агрегаттар мен құрылыстар стационарлық және мобильді болуы мүмкін. Өндірілген материалдар құрылыс алаңдарында, жолдарды қалпына келтіру және жөндеу кезінде, кәсіпорындарда қолданылады. Шикізат ретінде құм, шағыл тас, битум, минералды ұнтақ, түрлі қоспалар қолданылады.

Асфальтбетон қоспасын шығару - бұл бастапқы материалдың сапасын бақылауды, қызметкерлердің жұмысын, сауатты басқаруды, орналасқан жерін, логистиканы, қоспаны жеткізуді қамтитын кәсіпорынның үйлесімді жұмысы.

5 Бастапқы материалдарды дайындауға және қоймалауға қойылатын талаптар

Шағыл тас пен құмды тиеу-түсіру жұмыстарының және қоймалаудың тәртібі осы ережелерге сәйкес сақталуы тиіс.

Мөлшерлеу таразыларын калибрлеу бойынша журнал жүргізу, сондай-ақ АБЗ кезінде шығарылатын өнімді сериялық өндіріске сертификаттауды жүргізу қажет.

5.1 Шағыл тас пен құмды қоймалау

Әр түрлі типтегі және фракциялардағы материалдар (әр түрлі карьерлерден немесе әр түрлі фракциялардан алынған шағыл тастар мен құмдар) бөлек, бетон немесе асфальтбетонды тегіс жажамылғыда міндетті түрде суағарды қамтамасыз ете отырып сақталуы тиіс, қоқыстың және басқа да бөгде материалдардың болуына жол берілмейді. Әр түрлі материалдар арасында бетон немесе тас қалқаларды қолдануға рұқсат етіледі.

Қоймада, сондай-ақ ашық алаңда әртүрлі фракциялардағы шағыл тастар бөлек сақталады.

Шағыл тас пен құмды тиеу/түсіру арнайы техникамен жүргізіледі. Материалды тиегеннен/түсіргеннен кейін пайда болған үйінділер бульдозердің көмегімен жойылады.

5.2 Минералды ұнтақты қоймалау

Минералды ұнтақты сақтау бункерлерде немесе оралған қаптарда олардың қатпарлануы мен түйіршіктелуіне (азирлену, төңкерілуі, қотарылуы) қарсы арнайы шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін жабық құрғақ үй-жайда жүргізілуі тиіс. Қоймалау және сақтау үдерісі материалдардың физика-механикалық және химиялық қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз етуі қажет.

Минералды ұнтақ цемент тасығыштарда, жабық бункер-вагондарда, контейнерлерде немесе көп қабатты полиэтилен немесе қағаз қаптарда тасымалданады.

5.3 Битумды сақтау

ҚР Ұ 218-196 сәйкес битум бункерлік жартылай вагондарда немесе цистерналарда АБЗ-ға келіп түседі және қоймаларға құйылады. Сондай-ақ, битум бөшекелерде болуы мүмкін. АБЗ-дағы битум шаруашылығы - битумды түсіруді, сақтауды, сусыздандыруды, жұмыс температурасына дейін қыздыруды және кейіннен асфальт араластырғыш қондырғыларды мөлшерлеуші құрылғыларға беруді қамтамасыз ететін резервуарлар (қоймалар) жүйесінен және құбыр желілерінен тұратын технологиялық кешен. Асфальтбетон зауытының битум шаруашылығы мыналардан тұрады:

- Битумды түсіруге арналған жабдық;
- Битумды жылыту жабдығы;
- Битум қоймалары (ыдыстары);
- Сорғы жабдықтары;
- Битум құбыры ;
- Жылу тасымалдағышты жылыту жабдығы ;
- Бақылау және басқару жүйесі.

Материалды (дәстүрлі битумды) тасымалдағаннан кейін сақтау өнімнің белгілі бір қорына есептелген 60 °С-тан 80 °С-қа дейінгі температурада жабық типтегі битум қоймасында жүзеге асырылады. Қойма құрылымының битум қабылдағыштың құрылымынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ, бірақ мұнда контейнерлерді түсіру үшін қажетті құрылғылар жоқ.

Жеке кәсіпорындар жер үсті типті битум қоймаларын пайдаланады. Бұл жағдайда қойма сыртқы оқшаулау қабаты бар цилиндр тәрізді металл резервуар болып табылады. Битумның температурасын 60°С-тан 80° - қа дейін ұстап тұру бу түтіктерімен қамтамасыз етіледі, ал битум қоймадан шығарылатын жерде орталық жылытқыш орналасады, соның арқасында битум сорғыларға үздіксіз беріледі. Тұтқыр битумдарды уақытша сақтау резервуарында 140-150°С температурада

2 күннен артық емес уақытқа сақтауға рұқсат етіледі.

Беттік белсенді зат (ББЗ) ашық алаңдарда шатырдың астында немесе арнайы жабдықталған жылыту ыдыстарында сақталуы керек. Битумды ББЗ 3 тәуліктен артық қыздыруға жол берілмейді, себебі бұл оның сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Асфальтбетон зауытында бастапқы битум мен ББЗ қоспасын араластыру және қыздыру үшін қосымша қондырғы болуы қажет.

Дайын битум мен ББЗ қоспасын бөлек резервуарларда сақтау керек және бастапқы битуммен араластыруға жол бермеу қажет.

6. АБҚ шығарудың негізгі кезеңдерін іске асыру үдерісі

6.1 Бастапқы материалдар мен қоспалардың сапасын бақылау

Асфальтбетон зауытында бастапқы материалдардың сапасын бақылау қажет:

- Битум. Битум маркасы қоспаның түрі мен маркасына, климаттық жағдайларға және жол санатына байланысты таңдалады.

АБЗ-дағы битумның сапасы партиялармен бақыланады. Партия құрамы бойынша және сапа көрсеткіштері бойынша ҚР СТ 1373 сәйкес біртекті битумның кез келген мөлшері болып саналады. Мұнай модификацияланған битумдарды қолданған жағдайда сапа ҚР СТ 2534 сәйкес, ГОСТ 11955 бойынша сұйық битумдардың сапасы бақыланады.

- Асфальтбетон қоспаларын дайындауға арналған шағыл тас, қиыршық тас. Тау жыныстарын ұсақтау арқылы алынған табиғи тастан жасалған шағыл тасты, сондай-ақ қиыршық тасты, қара және түсті металлургия қождарынан алынған шағыл тасты, қиыршық тасты-күмды қоспаларды пайдалану қажет. Сазды, (әкті) әктастардан, сазды күмтастардан және сазды тақтатастардан алынған шағыл тастарды қолдануға жол берілмейді. Қоспаларды дайындау кезінде 5...10 мм; 10...20 мм; 20...40 мм фракциялар қолданылады. Шағыл таста қатпарлы (жалпақ) пішінді түйірлердің болуы, беріктігі бойынша маркасы және қоспалардың маркасына, типіне және түріне байланысты шағыл тас пен қиыршық тас қасиеттерінің басқа көрсеткіштері ҚР СТ 1225, ҚР СТ 2373, ҚР СТ 1223, ҚР СТ 2028, ҚР СТ 1284 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

- Күм. Қоспаларды дайындау үшін табиғи және ұсақталған күмдар, сондай-ақ қара және түсті металлургия қождарынан алынған күмдар қолданылады. Қоспалардың маркасына, типіне және түріне қарай ұсақталған күмдар мен тау жыныстары және қиыршық тасты ұсақтау қалдықтары өнімдерінің көрсеткіштері ҚР СТ 1225-2019, ҚР СТ 2373, ҚР СТ 1223, ҚР СТ 2028, ГОСТ 31424 сәйкес келуі тиіс.

- Минералды ұнтақ. Асфальтбетон қоспаларын дайындау үшін ҚР СТ 1276 талаптарына жауап беретін белсендірілген және белсендірілмеген минералды ұнтақтар қолданылады.

Минералды ұнтақ беріктігі 20...50 МПа әктастарды, доломиттерді ұнтақтау арқылы алынады. Сондай-ақ, минералды ұнтақ ретінде ұсақталған негізгі металлургиялық қождарды II және III маркалы ыстық қоспаларда тығыз асфальтбетон үшін; I және II маркаларды - кеуекті және жоғары кеуекті асфальтбетон үшін және II марканы суық қоспаларда пайдалануға рұқсат етіледі.

Сонымен қатар, цемент зауыттарының ұшпа-шандары, ЖЭС ұшпа-күлдері мен күл-қож қоспалары, асбошифер өндірісінің қалдықтары, ферро шаңы, флот тастандылары және т.б. секілді өнеркәсіптің ұнтақ қалдықтары минералды ұнтақтар ретінде қолданылады.

Өнеркәсіптің ұнтақ қалдықтары III маркалы ыстық қоспалардағы тығыз асфальтбетон үшін және кеуекті және жоғары кеуекті асфальтбетонның I және II маркалары үшін қолданылады. Минералды ұнтаққа қойылатын талаптар ҚР СТ 1276 сәйкес болуы тиіс.

Шағыл тастың, құмның және минералды ұнтақтың сапасы кем дегенде 0 ауысымда бір рет бақыланады.

Қоспаны дайындау үдерісінде бастапқы материалдардың сапасынан басқа, минералды материалдар мен битумды мөлшерлеу дәлдігін, битум мен асфальтбетон қоспасын дайындаудың температуралық режимін, минералды материалдарды битуммен араластыру ұзақтығын, дайын қоспаның температурасын, оның берілген құрамы мен ҚР СТ 1225, ҚР СТ 2373, ҚР СТ 1223, ҚР СТ 2028 талаптарына сәйкестігін бақылайды.

Қолданыстағы стандарттарға сәйкес бақылау кіріс, операциялық болып бөлінеді.

Кіріс бақылауы кезінде АБЗ-ға түскен әрбір партиядағы бастапқы материалдардың сапасының қолданыстағы стандарттарға сәйкестігі анықталады.

Операциялық бақылау шағыл тастың (қиыршық тастың), құмның, ұсақтау және минералды ұнтақ қалдықтарынан алынған материалдардың түйіршіктік құрамын, шағыл тастағы (қиыршық тастағы) және құмдағы шаң тәрізді және сазды бөлшектердің құрамын, өнеркәсіптің белсендірілмеген минералды ұнтағы мен ұнтақ қалдықтарының ылғалдылығын, белсендірілген минералды ұнтақтың гидрофобтылығын айқындай отырып, 10 ауысымда кемінде 1 рет жүзеге асырылады. Сынақтар үшін қоймалардан немесе материалдарды жинақтағыштардан сынамалар іріктелінеді.

Битумның сапасын бақылау кезінде иненің 25°C температурада ену тереңдігі, жұмсару температурасы, тұтқыр битумның созылуы немесе сұйық битумның тұтқырлығы анықталады, ол үшін ауысымына 1 рет әр жұмыс қазандығы мен үздіксіз жұмыс істейтін битумды балқыту қондырғыларынан сынамалар алынады. АБЗ-да сұйылтылған битумды дайындау кезінде мөлшерлеудің дұрыстығы және зертханада таңдалған құрамға сәйкес бастапқы материалдарды қазандыққа тиеу реттілігі тексеріледі.

Сонымен қатар, битумның қызу температурасы қазандықтарда әр 2...3 сағат сайын тексеріледі; үздіксіз жұмыс істейтін битумды балқыту қондырғыларында битумның температурасы дайын битум бөлімінде бақыланады.

Асфальтбетон қоспасын дайындау үдерісінде ауысымда 2...3 рет минералды ұнтақты битуммен араластырудың белгіленген уақытының сақталуын бақылайды (егер араластырғыштарда автоматтандырылған басқару болмаса).

Дайын асфальтбетон қоспасының сапасын қабылдау бақылауы үшін әр партиядан бір сынама алынады.

Асфальтбетон қоспаларының температурасы араластырғыштан қоспалар шығарылғаннан кейін әрбір самосвал көлігінің шанағында тексеріледі, деректер температура журналында жазылады.

Зертханада дайын қоспаны қабылдау бақылауы кезінде ҚР СТ 1225 бойынша барлық көрсеткіштерге бақыланады. Қабылдау бақылауы партия үшін

кемінде 1 рет – ыстық қоспалар үшін 600 тн және суық қоспалар үшін 200 тн жүзеге асырылады

Физика-механикалық қасиеттерінің көрсеткіштері асфальтбетон қоспалары үшін СТ РК 1225, полимерлі асфальтбетон қоспалары үшін ҚР СТ 1223, ҚР СТ 2373 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Суық асфальтбетон қоспаларының қатпарлануын ауысым барысында әр 2...3 сағат сайын анықтау ұсынылады; суық қоспаларды осы көрсеткіш бойынша қанағаттанарлық нәтиже алғаннан кейін ғана қатарынан қоймалауға болады.

ҚНЖЕ 3.06.03-85* «Автомобиль жолдары» құжатына сәйкес, қабылдау бақылау үдерісінде дайын өнімнің аталған сынақтарынан басқа, мерзімді бақылау да жүргізіледі: минералды қаңқаның кеуектілігі; ыстық қоспалар үшін 0°C температурада және суық қоспалар үшін жылытудан кейін 20°C температурада қысу кезіндегі беріктік шегі.

Мерзімді бақылау, егер шығарылатын қоспаның техникалық талаптарында өзгесі көзделмесе, 3 айда кемінде 1 рет және бастапқы материалдар өзгерген сайын жүргізіледі.

Егер қабылдау бақылауының нәтижесінде асфальтбетон қоспаларының физика-механикалық қасиеттерінің көрсеткіштері іріктеу кезінде алынған көрсеткіштерден ерекшеленетіні анықталса, барлық материалдардың қасиеттері, қоспаның құрамы және оны дайындаудың технологиялық үдерісі тексеріледі.

6.2 АБҚ өндіру технологиясы. Алдын ала мөлшерлеу

6.2.1 Қуаттау агрегаты: қуаттау агрегаты шағыл тастың немесе құмның әр фракциясына арналған бірнеше бөлімді және жинақтаушы конвейерді қамтиды. Секциялар тиеу машиналары беретін суық сусымалы материалдардың қоймасынан немесе өздігінен толтырылады. Секциялар саны асфальтбетон қоспасын дайындау технологиясында көзделген тас материалдарының фракцияларының мөлшеріне байланысты, әдетте 3-тен 6-ға дейін ауытқиды. Бөлім 4 м³-тан 10 м³-қа дейінгі сыйымдылығы бар көлбеу, түбіне жинақтайтын қабырғалары бар шығыс бункерінен тұрады, ол тоғыспа құлатқышпен және қуат көзімен жабдықталған. Тоғыспа құлатқышпен конустық және пирамидалық бункерлерден сусымалы материалдардың ағып кетуін жиі тоқтататын статикалық тоғыспаларды бұзу үшін қолданылады. Тоғыспа құлатқыш - бұл бункердің бүйір қабырғасына бекітілген және қажет болған жағдайда немесе белгілі бір уақыт аралығында қолмен немесе автоматты түрде қосылатын дірілдеткіш. Бункерлер арасында материалдардың бір бункерден екіншісіне түсуін болдырмау үшін арақабырғаларды орнатқан жөн. Науа электрдірілдеткіш және таспалы қуаттандырғыштар бункердің шығыс саңылауының астына орнатылады және қуат көзі бункердің шығу тесігінің астында орналастырылады және бункерден ағып жатқан материалды алдын ала мөлшерлеу үшін қызмет етеді. Науа электрдіріл қуаттағыштар - бұл электромагниттік дірілдеткіш бекітілген металл науа, ол бункердің шығыс саңылауының астына көлбеу

ілінген. Көлбеу орналасуының арқасында науа дірілдеткіштің әр импульсінде ондағы материалды ашық жиекке қарай алға жылжытады. Дірілдеткіш өшірілген кезде науа бункерден материалдың өздігінен ағып кетуіне жол бермейді. Электромагниттік қуаттағыштың өнімділігі тербеліс жиілігімен және науа көлбеуінің бұрышымен реттеледі. Таспалы қуаттағыш - бункердің шығу саңылауының астына орнатылған қысқа таспалы конвейерлер. Таспадағы қабаттың қалыңдығы шибер жапқышымен реттелетін мөлшерленетін материал жаңадан түсулерге мүмкіндік бере отырып, шығару саңылауынан қуаттағыштың түсіру барабанына тасымалданады.

Әрбір таспалы қуаттағыштың жылдамдығы бөлек реттеледі, бұл әр бункерден тәуелсіз берілуге мүмкіндік береді. Таспалы қуаттағыштың өнімділігі таспадағы материал қабатының қалыңдығымен және таспа жылдамдығымен реттеледі. Резеңке матадан жасалған конвейерлі таспалардың тозуға төзімділігі төмен болғандықтан, таспалы қуаттағыштар негізінен құм мен ұсақ шағыл тас фракцияларын мөлшерлеу үшін қолданылады.

6.2.2 Қуаттау бункерлері: таспалы қуаттағыш. Жинақтаушы таспалы конвейер барлық Қуаттау блогының бункерлерінің астынан өтеді және тас материалдарды қуаттандырғыштардан кептіру агрегатына тасымалдайтын көлбеу таспалы конвейерге жеткізеді.

6.2.3 Материалдарды қыздыру және кептіру: кептіру барабаны - тіреу шығыршықтарына құрсаулармен тірелген және көкжиекке 3-5° бұрышпен орнатылған болат цилиндр. Осьтік ығысудан оны қыздыру қабырғасының деформацияларының орнын толтыратын табақ серіппелеріндегі барабанның цилиндрлік қабырғасына бекітілген тіректердің соңғы беттеріне тірелген тіреу шығыршықтары ұстайды. Барабан жетекші құрсаулардың біріне жабысатын үйкелісті беріліспен немесе тегершік барабанды тікелей немесе шынжырмен орап қалатын тісті доңғалаққа момент берілетін тісті беріліспен айналады. Барабанның жоғарғы жағы тиеу қорабымен жабылған болады, ол арқылы тас материалдары барабанға тиеліп, түтін газдары мен шаң шығарылады.

6.2.4 Кептіру барабаны: барабанның төменгі жағы түсіргіш қораппен жабылған, оған қыздырылған тас материалы түсіріледі және оның бүйіржағы арқылы барабанға қыздырылған жану өнімдері оттықтан түседі. Барабанның айналмалы қабырғалары мен тиеу және түсіру қораптарының арасында барабаннан шыққан газдардың атмосфераға енуіне жол бермейтін лабиринтті тығыздағыштар бар. Материалды кептіру және қыздыру ол ыстық газдармен тікелей байланыста болған кезде, бүріккіш алауының жылу бөліну есебінен және жылуды көбірек қыздырылған қалақшалар мен барабан қабырғасынан беру нәтижесінде пайда болады. Барабанның ішкі бетіне материалды араластыратын және оның түсіру қорабына қарай қозғалуын қамтамасыз ететін үш типті қалақшалар бекітілген. Тиеу жағында тиеу люкінен тас материалды лақтыратын қабылдау-лақтыру қалақшалары орнатылған, барабанның ортаңғы бөлігінде әр бөлшектің ыстық газдармен ұзақ байланысын қамтамасыз ету үшін материалды араластыратын көтергіш қалақшалар орнатылған, барабанның соңғы жағында

материалды түсіру қорабы арқылы эвакуациялайтын түсіру қалақшалары орнатылған.

6.2.5 Кептіру барабанының ішкі жағы: кептіру қондырғысының оттық құрылғысы кептіру барабанының ішінде тас материалдарын кептіру және қызыту үшін қажетті жоғары температураны алуға арналған. Отын ретінде алдымен 95 °С дейін қыздыруды қажет ететін мазутты немесе табиғи газды қолдануға болады. Сұйық отын үрлеу сорғысымен айдалатын атмосфералық ауамен бірге бүріккішке жіберіледі, онда бүрку арқылы жанғыш конусқа түсетін ауа-отын қоспасын құрайды. Мұнда қоспа оттықты тұтату кезінде тұтанып, содан кейін жану үдерісі тұрақтанады. Жану үдерісі фотодиодпен бақыланады және жалын жоғалған кезде отынды беру автоматты түрде тоқтатылады.

6.2.6 Тұтандырғыш (оттық) құрылғы: тұтандырғыш конуста жанып тұрған газдардың алауы пайда болады, оттықта жанып бітіп, барабанға ыстық жану өнімдерінің ағыны түседі. Бұл ағынды жылудың көп бөлігі тас материалдарына берілген сайын, оларды кептіру және қыздыру үдерісі соғұрлым тиімді және үнемді болады. Жылу шығынын азайту және металл корпусық бөлшектерді күйіп кетуден қорғау үшін тұтандырғыш конус пен оттықтың ішкі беттері табақ асбестпен және үсті отқа төзімді кірпішпен қапталады. Тас материалдарын дайындау кезінде пайда болатын шаңмен күресу асфальт араластырғыш қондырғылардың жұмысымен бірге жүретін негізгі экологиялық проблемалардың бірі болып табылады. Қыздырылған тас материалдарын кептіру барабанында араластыру барабаннан түтін газдарының ағынымен шығарылатын шаңның қарқынды пайда болуымен бірге жүреді. Шағыл тас пен құмды сұрыптау және мөлшерлеу де шаңмен бірге жүреді. Атмосфераға шаңның түсуін болдырмау үшін сұрыптау және мөлшерлеу қондырғылары қаптамамен жабылады, олардың астында 0,1...0,15 бар сейілтү орын алады. Кептіру барабанынан түтін газдары мен шаң тиеу қорабы арқылы сорылады. Газ-шаң қоспасының ағындары шаң ұстағыш құрылғыларға жіберіледі: құрғақ тазалау - циклондар және дымқыл тазалау –жуғыш-циклондар және барботажаж-құйынды қондырғылар. Циклон - төменгі жағында конустық тарылуы бар тік қуыс цилиндр. Цилиндр осі бойымен диаметрі кішірек құбыр өтеді, бүйіржақтары ашық, циклонның төменгі жағына жетпейді және оның жоғарғы бітеу қақпағы арқылы өтеді. Шығарылатын газдарды құрғақ тазалау құбыртүтікті сүзгілерде жүргізілуі мүмкін. Шаң тазартылатын газдар берілетін құбыртүтіктің арнайы матасында ұсталады. Ауа мата арқылы сыртқа өтеді, ал шаң арнайы механизммен үнемі сілкініп қағылатын құбыртүтіктерде қалады және олардың ішкі бетіне жиналған шаң төмен түсіп, иірлік конвейерлермен шығарылады.

Қыздырылған және кептірілген минералды материалдар кептіру барабанынан түсіру науасы арқылы түсіріліп, шөмішті элеваторының төменгі бөлігіне түседі. Ыстық материалдарға арналған көп шөмішті элеватор ыстық шағыл тас пен құмды кептіру барабанынан сұрыптау қондырғысына тасымалдайды. Элеватор көкжиекке 70-90° бұрышпен орнатылады және ауа шаң жинайтын құрылғыларға сорылатын тұтас жылу оқшауланған қаптамамен

жабылады. Оның металл шөміштері төменгі кермен мен жоғарғы жетекші жұлдызшаны айналып өтетін пластиналы төлке-шығыршықты тізбекке бекітіледі. Тізбек абразивті ортада жоғары температурада жұмыс істейді, сондықтан оның тозуға төзімділігіне қойылатын талаптар өте жоғары. Сұрыптау құрылғылары кептірілген және қыздырылған тас материалдарын бөлек фракцияларға бөледі. Алдын ала мөлшерлеудің арқасында фракциялардың әрқайсысының көлемі қоспаның рецептіне сәйкес келеді, сондықтан соңғы сұрыптау белгілі бір фракцияның артық материалын сақтау немесе қайтару проблемаларын тудырмайды. Сұрыптау қондырғысы көп секциялы електерден және тас материалдарының фракцияларының мөлшері бойынша бөлімдері бар жинақтағыш бункерден тұрады. Әдетте, асфальт араластырғыш қондырғыларда біріктірілген сұлба бойынша орнатылған үш елегі бар жалпақ діріл немесе гирациялық електер қолданылады. Мұндай елек астындағы бункер 4 бөлімге бөлінеді: құм, шағыл тастың екі немесе үш фракциясы және шағын кесектер үшін.

6.2.7 Көп секциялы елек: електің саңылаулары әдетте төртбұрышты саңылаулар мен келесі өлшемдерге ие: жоғарғы елек үшін 31,5 мм, екінші елек үшін 16,0 мм, үшінші елек үшін 8 мм және төменгі төртінші елек үшін 4,0 мм. Сұрыптау кезінде әр фракция өзінің ыстық бункер бөліміне түседі. 40 мм-ден ірі шағыл тас үлкен көлемдегі жеке бункерге түседі, одан автокөлікке тиеліп, асфальтбетон қоспасын дайындау технологиясынан алынады. Елеу сатысында оператор ыстық бункерлердің толтырылуын бақылайды.

6.2.8 Ыстық материалды сақтауға арналған бункер: ыстық материалдарды сақтауға арналған бункерлердің жалпы көлемі араластырғыш агрегаттың мөлшеріне пропорционалды болуы тиіс. Ең үлкені 5 мм-ден кіші минералды материалдың фракциясына арналған, яғни құмға арналған бункер болуы керек, себебі бұл бункерге материалдың шамамен 40% түседі. Материалдың қалған бункерлерге таралуы келесідей: 30% - 10 мм фракцияға арналған бункер, 20% - 15 мм фракцияға арналған бункер және 10% - 40 мм фракцияға арналған бункер. Бункердің жоғарғы жағында орналасқан және оларды толып кетуден сақтайтын қақпақтар бітеліп қалмауы керек.

6.2.9 Салмақ мөлшерлегіш: материалды салмақ бункеріне жүктеу. Салмақтық үлестік мөлшерлегіштер мерзімді әсер ететін асфальт араластырғыш қондырғыларда құмды, шағыл тасты және минералды ұнтақты мөлшерлеу үшін қолданылады. Үлкен салмақ бункерлер арасында ең көп таралған салмақтық үлестік мөлшерлегіштің түрі – құм мен шағыл тасқа арналған және кіші салмақ бункерлер арасында – минералды ұнтаққа арналған түрлері. Бункерлердің әрқайсысы бункердегі материал фракцияларының массасын басқаратын циферблатты көрсеткіші бар иінтіректі салмақ механизмі арқылы байланысады. Тас материалдарының салмақ бункері сұрыптау агрегатының бункері бөліктерінен толтырылады, олармен материалдың шандануына және төгілуіне жол бермейтін жұмсақ құбыртүтіктермен байланысады. Жинатағыш бункердің

жапқышы алдыңғы бөліктің жапқышы жабылғаннан кейін автоматты түрде ашылады және салмақ бункеріндегі материал фракциясының салмағы берілген мәнге жеткенде жабылады. Материалды салмақ мөлшерлегішке жүктеу әр түрлі ретпен жүзеге асырылуы мүмкін - әдетте алдымен ірі материал, содан кейін ұсақ материал жүктеледі. Материалдың әр үлесін өлшеу шамамен 5 секунд жүргізіледі. Минералды ұнтақ, әдетте, қоймадан кішігірім аралық бункерге беріледі. Минералды ұнтақ параллель мөлшерленеді. Минералды ұнтақ үшін көлем және салмақ мөлшерлегіштер де қолданылады. Үздіксіз әрекет ететін араластырғыштар үздіксіз әрекет ететін мөлшерлегіштермен, ал мерзімді әрекет ететін араластырғыштар үлестік мөлшерлегіштермен жинақталады. Салмақ бункерлерін құмның, шағыл тастың және минералды ұнтақтың барлық фракцияларымен толтырылғаннан кейін салмақ бункерінің қақпасы ашылып, қоспаның компоненттері араластырғышқа түседі.

6.2.10 Битумды беру: үздіксіз автоматты битум мөлшерлегіштер көлемді мөлшерлеу қағидаты бойынша жұмыс істейді және сүзгіден, жетегі бар ауыспалы өнімділігі бар беріліс сорғысынан, піспекті есептегіштен, битум крандарынан, құбырлардан және тарату құбырынан тұрады. Мөлшерлегіштің барлық тораптары битумның жұмыс температурасын ұстап тұратын салқындатқыш айналатын жылу алмастырғыш қаптамалармен жабдықталуы керек. Мөлшерлегіш битумды тазартады, қоспаның рецептурасына және араластырғыштың жұмысына сәйкес келетін көлемін өлшейді және тарату құбыры арқылы араластырғыштың бүкіл еніне таратады. Битумның салмақтық үлестіргіштері иінтіректі-салмақ механизмімен өлшеуіш сыйымдылықтағы битум массасын бақылайтын, берілген шамаға жеткенде оны беруді автоматты түрде тоқтататын және битумды араластырғышқа ағызу кран ашатын цифрблатты көрсеткіші бар өлшеуіш сыйымдылықтан тұруы тиіс. Өлшеуіш ыдысты босатқаннан кейін ағызу түтігі жабылады және мөлшерлеу циклі қайтадан қайталаынады. Қалқымалы типтегі битумның көлемді үлестік мөлшерлегіштері өлшеуіш сыйымдылықтағы битумның мөлшері жанармай құю және ағызу магистральдарының түтіктерін қосатын және өшіретін атқарушы механизм қосылған қалқымамен бақыланады. Ең қарапайым механизмде сымарқан блок жүйесі арқылы қалқыманы бағыттаушы құбырда қозғалатын және түтіктерді басқару тізбегіне енгізілген соңғы ажыратқыштарды қосатын және өшіретін қарсы жүктемемен байланыстырады. Көлемді үлестік мөлшерлегіш-шығын өлшегіштерде қыздырғыштан битум сүзгі арқылы шығын өлшегішке, содан кейін араластырғышқа айдалады. Белгіленген мөлшерлеу көлеміне жеткенде мөлшерлегішті басқару блогы битумның араластырғышқа берілуін тоқтатады және оның ағынын битум жылытқышқа қайта бағыттайды.

6.2.11 Араластырғыштар: асфальтбетон қоспасын дайындау үшін қолданылатын араластырғыштар мерзімді және үздіксіз жұмыс істейтін екі білікті қалақшаға жатады. Кез келген конструктивті орындауда асфальтбетонды араластырғыштар бірыңғай сұлба бойынша жобаланады. Екі білікті қалақты араластырғыш корпустан тұрады, оған қалақ біліктері орнатылған және оны

көлденең тікбұрышты жақтау қоршайды. Корпустың бүйіржағынан жақтауға сфералық мойынтіректері бар қалақ біліктерінің тіректері орнатылған. Корпустың қабырғалары білік осьтерінің деңгейінен басталады және олардың жоғарғы жиектері айналмалы білік қалақтарының жиектерінен жоғары көтеріледі. Білік осьтерінің деңгейінен төменнен басталатын араластырғыштың түбі генератор бойымен біріктірілген екі симметриялы жартылай біліктен түзіледі. Корпустың ішкі беті тозуға төзімді марганец болаттан немесе ақ шойыннан жасалған тақталармен қапталады. Корпус сыртынан жылу алмастырғыш қаппамен қоршалған, оған қоспаның температурасын ұстап тұратын салқындатқыш жеткізіледі. Дайын қоспаны пневматикалық цилиндрмен басқарылатын секторлық қақпасы бар төменгі люк арқылы түсіреді. Түсіру бункері араластырғыштың түсіру жағында орналасқан және құрылымдық жағынан оның жалғасы болып табылады. Көлік құралдары болмаған кезде бункердің қақпасы жабылып, қоспа жиналуы керек. Жапқыш ашық болған кезде қоспа бункерде қалмай көлік құралдарына түсіріледі.

6.2.12 Температура: жоғары сапалы асфальтбетон қоспаларының қажетті шарты оңтайлы температуралық режимді сақтау болып табылады. Араластырғышқа түсетін битумның, шағыл тастың және құмның, сондай-ақ дайын асфальтбетон қоспаларының температурасы асфальтбетон қоспаларының түрі мен типіне және қолданылатын битум тұтқырының маркасына байланысты белгіленген нормативтік құжаттарға қатаң сәйкес келуі тиіс. Оңтайлы температура режимі тұтқыр битум түйірлерінің бетіне бағытталған жұқа қабықшалар түзе отырып, минералды материалдың бетіне битумның біркелкі таралуын қамтамасыз етеді. Температураның жоғарылауы битумның тез тозуына алып келеді, ал олардың оңтайлы деңгейден төмендеуі битум тұтқырғыштардың таралуын нашарлатады, қоспаны әркелкі етеді және оның қалыпты жұмыс қабілеттілігіне қол жеткізілмейді.

6.2.13 Араластыру уақыты: араластыру уақыты қоспаның түріне, араластырғыштың техникалық сипаттамасына байланысты. Асфальт араластырғыштарда араластыру уақыты айтарлықтай аз, ал факторларға (контейнер жабық, ауамен байланыс жоқ) байланысты тиімділігі жоғары. Асфальтбетон қоспаларын араластыру екі кезеңге бөлінеді – «дымқыл» және «құрғақ». «Құрғақ» араластыру толтырғыштарды араластырудың басынан бастап араластырғыштарға битум бергенге дейін есептеледі (7-15 сек). «Дымқыл» араластыру - араластырғыш біліктердің үстіндегі құрылғылар арқылы битум берілген сәттен басталады. Қалақшалардың қанағаттанарлық жай-күйі және араластырғыштың қалыпты толтыру дәрежесі кезінде «дымқыл» араластыру уақыты 30 секундтан аспайды. Битумның кокстелуіне жол бермеу үшін дымқыл араластырудың ұзақтығы минимумға дейін азаяды.

6.2.14 Асфальтбетон қоспаларын дайындауды бақылау:

- компоненттерді мөлшерлеу дәлдігі жылына кемінде 1 рет салмақ мөлшерлегіштердің көмегімен тексерілуі керек. Салмағы белгілі салмақтар таразыларға қойылады, ал таразы көрсеткіштері нақты мәндермен

салыстырылады. Егер бұл мәндер 0,5%-дан аспайтын салыстырмалы ауытқуға сәйкес келсе, мөлшерлеу дәлдігін рұқсат етіледі деп санауға болады;

- кептіру барабанынан түсірілетін материалдардың ылғалдылығы, ол 0,5%-дан жоғары болмауы тиіс. - Бір фракцияның материалында «ыстық» бункерде басқа фракцияның материалының 10%-дан астамы болмауы тиіс;

- «ыстық» електердің жай-күйін үнемі тексеріп отыру қажет;

- араластыру циклінде өндірілетін қоспаның мөлшері тұрақты болуы керек;

- белгіленген араластыру уақытының сақталуын тұрақты бақылауды жүзеге асыру қажет;

- дайындау үдерісінде жұмысты тоқтатпау керек, яғни араластырғышты тоқтатқан кезде ол бос болуы керек;

- дайын өнімнің жинақтаушы бункер автокөлік құралдарына асфальтбетон қоспаларын қабылдауға, қысқа мерзімді сақтауға және беруге арналған. Жинақтаушы бункерлер көлік құралдарының болуына, төсеу режимдерінің және ауа райы жағдайларының өзгеруіне қарамастан асфальтбетон қоспаларының шығарылу реттілігін қамтамасыз етеді. Жинақтаушы бункердің сыйымдылығы асфальтбетон зауытының сағаттық өнімділігінің көлемінен кем болмауға тиіс. Бункерде қоспаның салқындауына жол бермейтін жылу оқшаулау болуы қажет. Жинақтағыш бункердің төменгі жағында орналасқан жапқыштар қоспаны түсіруге кедергі келтірместен тез және толық ашылып, жабылуы керек. Самосвал корпусын асфальтбетон қоспасымен толтырған кезде оның қатпарлануын барынша азайту қажет. Дұрыс жүктеу процедурасы самосвалды қоспаның бірнеше бөлігімен толтыруды қамтиды (корпусты үздіксіз толық жүктеудің орнына). Үлестік жүктеу қоспаның үлкен бөлшектерінің домалануы ықтимал қашықтықты азайтуға мүмкіндік береді, осылайша төсеу кезінде оның гранулометриялық құрамының біркелкілігі сақталады.

6.2.15 Асфальт араластырғыш қондырғыдан жүктеу: жүк көлігінің түрі мен ұзындығына қарамастан, ол шанақтың әртүрлі бөліктерінде орналасқан бірнеше порциямен жүктелуі керек. Егер самосвал мерзімді асфальт араластырғыш қондырғыдан тікелей жүктелсе, онда бірнеше мөлшерде жүктеу талабы міндетті түрде орындалуы керек.

Ол үшін самосвал әрбір келесі мөлшерді жүктегеннен кейін қозғалуы керек. Жүк көтергіштігі аз болса, шанақты толтыру үшін шамамен үш порция қажет болады. Бірінші порция шанақтың алдыңғы жағына жүктеледі. Осыдан кейін самосвал алға беріледі және екінші порция артқы жағының жанына жүктеледі. Үшінші порция қоспаның алғашқы екі порция арасындағы шанақтың ортасына жүктеледі.

6.2.16 Бункерден жүктеу: қоспаның қатпарлануы самосвалды бір уақытта бункерден толтырған жағдайда пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда асфальтбетон қоспасы самосвал шанағында конус пішінін қалыптастырады. Қоспаның үлкен бөлшектері негізгі массадан бөлініп, шанақтың алдыңғы және артқы жағына қарай домалап, оның екі ұшында жинақталады. Ірі бөлшектердің бір бөлігі

шанақтың бүйірлерінде де жиналады. Асфальтбетон қондырғысынан тиеу ұқсастығы бойынша бункерден самосвалды бірнеше порцияларда жүктеу арқылы қатпарлануды азайтуға болады.

6.2.17 Көлікті жүктеуге дайындау: жүк көлігінің түбін қоспаға дайындау керек. Жүк көліктерінің түбін тиеу алдында қоспаға бөгде заттардың түсуіне жол бермеу және оның жүк көлігінің түбіне жабысып қалуын болдырмау үшін оны «бөлгіш құралдармен» тазалап, майлау қажет. Майлау үшін бөлгіш құралдарды, мысалы, әк суын немесе сабын ерітіндісін қолдану керек. Дизель сияқты мұнай негізіндегі өнімдерді мұндай заттардың қоршаған ортаға әсеріне байланысты ғана емес, сонымен қатар олар асфальтты тұтқырғышты бұзып, жол төсемесі сапасының төмендеуіне әкелетіндіктен пайдалануға болмайды.

6.2.18 АБЗ-нан АБҚ тасымалдау алдындағы бақылау таразысы: асфальтбетон қоспасын асфальтбетон зауыттарынан жөнелту алдында тиелгеннен кейін көлік құралдарын өлшеуге арналған платформалық таразылар калибрленген болуы тиіс.

7 Асфальтбетон қоспаларын тасымалдау

Ыстық асфальтты өндіріс орнынан төсеу орнына дейін тасымалдау уақыты асфальт араластырғыш қондырғылардың қашықтығына, ал қалалық жағдайларда, сонымен қатар, автокөлік ағындарының қозғалыс қарқындылығына, самосвалдың қозғалыс жолындағы жол кептелістерінің санына байланысты. Бұл ыстық асфальттың беткі қабатын ауамен және самосвал корпусымен жанасатын жерлерде салқындатуға әкеледі. Тасымалдау кезінде асфальтбетон қоспасының ауыр фракциялары самосвалдың түбіне түседі, бұл қоспаның ақауы әсіресе битумның артық болуымен сипатталатын шағыл тасты-мастикалық асфальтты тасымалдау кезінде айқын көрінеді. Осылайша, асфальтбетон қоспасын асфальт араластырғыш қондырғылардан төсеу орнына дейін тасымалдау ыстық асфальтбетон қоспасының температуралық және фракциялық сеграгация (қатпарлану) пайда болуына әкеледі. Фракциялық сеграгация кейбір жағдайларда көзбен анықтауға болады, олар әр түрлі кедір-бұдыр жолақтар түрінде болады. Шағыл тасты-мастикалық асфальтты төсеу кезінде мұндай қатпарлану «тілдер» немесе артық битум жолақтары түрінде көрінеді. Артық битум қозғалатын көліктің дөңгелектерінде тасымалданады, нәтижесінде күтілетін жоғары сапалы жамылғының орнына беріктігі мен қызмет ету мерзімі төмен біркелкі емес жол пайда болады. Температуралық сеграгация визуалды түрде анықталмайды, оны тек жылу түсіргішпен (инфрақызыл камера) анықтауға болады, бірақ оның салдары жол жамылғысының беріктігіне аз емес немесе үлкен әсер етуі мүмкін. Асфальтбетон қоспасының төмен жылу өткізгіштігі тасымалдау кезінде пайда болған қыртыстың 70-80 °С дейін салқындатылған бөліктерінің самосвал корпусынан асфальт төсегіштің бункеріне және одан әрі оның тақтасының астына түсуіне алып келеді, асфальтбетон қоспасының негізгі массасының температурасына дейін, яғни 130-

140 °С дейін қызбайды. Бұл салыстырмалы түрде суық бөліктер «суық дақтарды» қалыптастырады, олардың температурасы негізгі жамылғыаймағының температурасынан 15-30 °С төмен.

7.1 Температуралық сегрегация: автокөліктің қарқынды қозғалысы кезінде оның доңғалақтарынан түсетін жүктемелердің әсерінен дәл осы телімдер тезірек бұзылады. Демек, жамылғының шұңқырлары мен жергілікті жарықшақтары оның жалпы беріктігін едәуір төмендетеді және көбінесе 1-2 жылдан кейін пайда болады. Мұндай жол жамылғысы біркелкі емес тығыздалады. «Суық» дақтар тығыздалмаған, судың қанықтылығының жоғарылауына бейім және беріктігі мен ығысуға төзімділігінің төмендеуімен сипатталады. Қату-еру кезеңінде мұндай аймақтар жамылғының негізгі бөлігіне қарағанда тезірек бұзылады, себебі асфальтбетон қабатындағы ылғал қатты күйге - мұзға айналады. Сұйық күйден қатты күйге ауысу көлемнің ұлғаюымен бірге жүреді және жамылғы ішінен бұзылады. Егер тасымалданатын қоспаның үстіңгі жағы қалқамен жабылған болса, онда қыртыстың пайда болуы минималды болады, қалқа қоспаны жел мен жаңбырдан қорғайды, оның қатаюуына және көп жылу жоғалтуына жол бермейді. Қос брезент әсіресе осы тұрғыдан тиімді. Оны қоспаны жинақтағыш бункерге түсіру алдында ғана алып тастау керек. Жабық жылу оқшауланған шанақ қоспаны бірнеше сағат бойы төсеуге дайын күйінде ұстайды, осылайша кішігірім жөндеу жұмыстарын жеңілдетеді.

7.2 Тасымалданатын қоспаны қорғауға арналған қалқа: Ыстық қоспаларды өндіріс орнынан төсеу орнына дейін тасымалдау уақыты асфальт араластырғыш қондырғылардың қашықтығына, ал қалалық жағдайларда – көлік ағындарының қозғалыс қарқындылығына, самосвалдың қозғалыс жолындағы жол кептелістерінің санына байланысты. Ыстық асфальтбетон қоспаларын тасымалдаудың рұқсат етілген ең ұзақ уақыты мен қашықтығы жұмыстарды жүргізу жобасын немесе технологиялық картаны жасау кезінде жергілікті жағдайлар үшін орындалатын жылуфизикалық есептеумен айқындалады. Осы ұйымдастырушылық-технологиялық параметрлерді есептеу критерийі - бұл қоспаның орташа көлемдік температурасы мен вариация коэффициентімен бағаланатын төсеу алдындағы температуралық жағдайы. Қоспаның температуралық жай-күйі төсеу кезінде асфальт төсеушінің жұмыс органдарының қалыпты жұмыс істеуін және кейіннен қажетті тығыздыққа дейін сапалы таптау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Тасымалдау кезінде асфальтбетон қоспасының салқындату дәрежесі келесі факторларға байланысты:

- қоспаны көлік құралдарына тиеу кезіндегі температура; - самосвал шанағындағы қоспаның массасы;
- ауа температурасы;
- жел ағынының жылдамдығы;
- қоспаның жылу-физикалық қасиеттері;
